

Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Жаңақорған аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2023 жылға жүргізілген ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

30.04.2024 жыл.

Жаңақорған ауданы

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Жаңақорған аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның *(әрі қарай - Кәсіпорын)* қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 25.03.2024ж. №14 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Нұрхожаев Жомарт Қуанышұлы -	кәсіпорын директорының орынбасары – топ жетекшісі
Бейсенов Ахмет Қыдырәліұлы -	Эпизоотолог дәрігер – топ мүшесі
Ахметов Аскар Абдумаликович -	Материалдық техникалық жабдықтау маманы – топ мүшесі
Ыбраев Мақсат Оразханұлы -	Кәсіпорын есепшісі - топ мүшесі
Базарбаева Мереке Сабитовна -	кәсіпорын директорының кадр жөніндегі маманы - топ мүшесі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2023 жыл кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01 - 30.04.2024ж. аралығында жүргізілді.

6. Кәсіпорын директорының орынбасары Ж. Нұрхожаев топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (әрі қарай - НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Кәсіпорын құзыреті шегінде аудан аумағында халықты адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау, ауылшаруашылық жануарларын сақтау мақсатында профилактикалық диагностикалық шаралар жүргізуді жүзеге асырады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, Кәсіпорынның жарғысына сәйкес іске асырады.

2.Кәсіпорынның қызметіне,оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесстік кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;
- «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 Заңы;
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес «Ветеринариялық анықтама беру» аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне жатады. ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталымен (БАБЖ) тегін көрсетіледі. БАБЖ веб-порталының жұмыс жасау жылдамдығы төмен. Сол себепті ветеринариялық анықтама рәсімдеген уақытта енгізілген мәліметтер толық аяқталмай қатып қалады да, «зарегистрировано» болып тұрып қалады.

Сонымен қатар, БАБЖ веб-порталымен рәсімделген ветеринариялық анықтама арнайы қорғаныш акценттері бар бланкке шығарылып, маманның қолы қойылып, мөрмен расталады. Осы ветеринариялық анықтама тегін ұсынылуы қажет. Алайда, өтініш иесінің тарапынан ветеринар маманға ақы ұсынып, сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.

Ұсыным: ҚР АШМ 21.05.2015 жылғы №7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын

талаптарды бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізуге облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

2. ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» жөніндегі іс-шаралар жүргізу жатады. Облыс бойынша 2024 жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жоспары бекітілді. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру «Ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет түріне жатады. Бұл мемлекеттік қызмет түрі тегін көрсетіледі.

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін жылда бөлінген құлақ сырғалары уақытында жеткізіліп, аудандарға таратылып беріледі. Қажетті құлақ сырғалары жеткілікті болғанымен жергілікті ветеринариялық ұйымдардың ветеринар мамандары тарапынан ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізуде жекелеген мал өсіруші тұлғаларға құлақ сырғалары толық жетпей калып, сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін.

Ұсыным: Құлақ жапсырмаларының уақытылы бөлінуі туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

3. ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес «Биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу» аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне жатады.

Қан алу жүйесінің (*вакутейнерлер*) жетіспеуі жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жоспарды орындау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.

Ұсыным: «Ветеринария туралы» ҚР Заңына сәйкес қан алу жүйесінің (*вакутейнерлер*) толық көлемде уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ету туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

4. «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесі мемлекеттік көрсетілетін қызметіне ішкі талдау нәтижесінде төмендегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (АШЖБ) ақпараттық жүйесі бойынша талдау. АШЖБ базасы бойынша профилактикалық және диагностикалық есептерді енгізу кезінде дәл түспеуі, яғни енгізілген есеп артық немесе кем түсуі. Диагностикалық зерттеулерге өзгеріс енгізу мүмкіншілігін қайта ашу. Базаның қайта-қайта істемей қате (ошибка) деп шығуы. АШЖБ базасын қайта-қайта жаңартуға байланысты бұрын енгізілген мәліметтердің жойылып кету қаупі жоғары. Ветеринар мамандар жойылып кеткен мәліметтерді қайтадан енгізіп отыруға мәжбүр болады.

Ұсыным: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» бұйрығы мен «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесін сәйкестендіру бойынша Басқармаға ұсыныс беру.

5. «Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ЕАСУ)» веб-порталымен көрсетіледі. Жыл басында аталған АЖ-ға техникалық өзгерістер енгізілді. Алайда аталған жаңа веб-порталда облыс бойынша берілген «Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет түрінің санын білу, 3 нысан (1, 2 және 3-нысан) бойынша қанша анықтама берілгендігін анықтау қолжетімсіз. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есептілік жүргізуге, нақты мәліметтер алуға кедергісін келтіреді.

Ұсыным: ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ЕАСУ)» веб-порталын жетілдіру бойынша облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

3.Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау

Кадрлық құрам бойынша.

Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша - 153 қызметкер. Нақты жұмыс атқарған қызметкерлер саны – 153. Бос орындар жоқ.

2023 жылы кадрлық тағайындаулар мен босатулар бойынша болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіліктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Эпизоотолог дәрігер немесе ветеринариялық пункт меңгерушісі	ҚР АШМ 21.05.2015 жылғы №7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізуге облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.	ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес «Ветеринариялық анықтама беру» аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне жатады. ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталымен (БАБЖ) тегін көрсетіледі. БАБЖ веб-порталының жұмыс жасау жылдамдығы төмен. Сол себепті ветеринариялық анықтама рәсімдеген уақытта енгізілген мәліметтер толық аяқталмай катып қалады да, «зарегистрировано» болып тұрып қалады. Сонымен қатар, БАБЖ веб-порталымен рәсімделген ветеринариялық анықтама арнайы қорғаныш акценттері бар бланкке шығарылып, маманның қолы қойылып, мөрімен расталады. Осы ветеринариялық анықтама тегін ұсынылуы қажет. Алайда, өтініш иесінің тарапынан ветеринар маманға	орташа

		ақы ұсынып, сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.	
	Құлақ жапсырмаларының уақытылы бөлінуі туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.	<p>ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» жөніндегі іс-шаралар жүргізу жатады. Облыс бойынша 2024 жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жоспары бекітілді. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру «Ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет түріне жатады. Бұл мемлекеттік қызмет түрі тегін көрсетіледі.</p> <p>Облыс бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін жылда бөлінген құлақ сырғалары уақытында жеткізіліп, аудандарға таратылып беріледі. Қажетті құлақ сырғалары жеткілікті болғанымен жергілікті ветеринариялық ұйымдардың ветеринар мамандары тарапынан ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізуде жекелеген мал өсіруші тұлғаларға құлақ сырғалары толық жетпей қалып, сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін.</p>	орташа
	«Ветеринария туралы» ҚР Заңына сәйкес қан алу жүйесінің <i>(вакутейнерлер)</i> толық көлемде уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ету туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.	<p>ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабы 4 тармағына сәйкес «Биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу» аудандық (қалалық) ветеринариялық ұйымдардың құзыретіне жатады.</p> <p>Қан алу жүйесінің <i>(вакутейнерлер)</i> жетіспеуі жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жоспарды орындау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.</p>	орташа
Қазақстан Республикасы		«Ауыл шаруашылығы	орташа

	<p>Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» бұйрығы мен «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесін сәйкестендіру бойынша Басқармаға ұсыныс беру.</p>	<p>жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесі мемлекеттік көрсетілетін қызметіне ішкі талдау нәтижесінде төмендегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (АШЖБ) ақпараттық жүйесі бойынша талдау АШЖБ базасы бойынша профилактикалық және диагностикалық есептерді енгізу кезінде дәл түспеуі, яғни енгізілген есеп артық немесе кем түсуі. Диагностикалық зерттеулерге өзгеріс енгізу мүмкіншілігін қайта ашу. Базаның қайта-қайта істемей қате (ошибка) деп шығуы. АШЖБ базасын қайта-қайта жаңартуға байланысты бұрын енгізілген мәліметтердің жойылып кету қаупі жоғары. Ветеринар мамандар жойылып кеткен мәліметтерді қайтадан енгізіп отыруға мәжбүр болады.</p>	
	<p>ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ЕАСУ)» веб-порталын жетілдіру бойынша облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.</p>	<p>«Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ЕАСУ)» веб-порталымен көрсетіледі. Жыл басында аталған АЖ-ға техникалық өзгерістер енгізілді. Алайда аталған жаңа веб-порталда облыс бойынша берілген «Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет түрінің санын білу, 3 нысан (1, 2 және 3-нысан) бойынша қанша анықтама берілгендігін анықтау қолжетімсіз. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есептілік жүргізуге, нақты мәліметтер алуға кедергісін келтіреді.</p>	<p>орташа</p>

4. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Жанакорған аудандық ветеринариялық станциясымен 2 қызмет түрі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Атап айтқанда, «Ветеринариялық анықтама беру» және «Ветеринариялық паспорт беру».

Көрсетілген қызметтерге сәйкес, жеке және заңды тұлғалардан арыз немесе өтініштер түспеген. Осы ретте, қызмет көрсету барысында құжаттарға және ақпараттық жүйелерде қызмет көрсету бойынша кемшіліктер жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларында кайшылықтар анықталмаған.

6. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.

Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

7. Бақылау функцияларын іске асыру.

Кәсіпорында бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

8. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Кәсіпорынның жылдық қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаржысын толық игеру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмеуі, мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына сәйкес шарттар жасасу, атқарылған жұмыс актілеріне және төлем шоттарына қол қою рәсімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүргізілуде және басшылардың үнемі қадағалауында.

2023 жылы Кәсіпорынға бюджеттен 67 582 531,0 мың.тенге қаржы қаралды.

2023 жылдың екінші жартыжылдығында, барлығы 46 697 051,0 мың тенге жоспарланып, 100% толығымен игерілді.

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

10. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.

2023 жылы жеке және заңды тұлғалардан 11 өтініш келіп түсті.

Барлық өтініштер уақытылы тіркеліп, мерзімінде орындалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында кәсіпорын бойынша 5 сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды, 6 ұсынымдар берілді.

Талдау нәтижесінде Кәсіпорынның ветеринария саласын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша

ҰСЫНЫМДАР:

1. ҚР АШМ 21.05.2015 жылғы №7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту

туралы» бұйрығына өзгерістер енгізуге облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

2. Құлақ жапсырмаларының уақытылы бөлінуі туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

3. «Ветеринария туралы» ҚР Заңына сәйкес қан алу жүйесінің (вакутейнерлер) толық көлемде уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ету туралы облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» бұйрығы мен «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесін сәйкестендіру бойынша Басқармаға ұсыныс беру.

5. «Ветеринария туралы» ҚР Заңының 10 бабы 1 тармағы 4-2) тармақшасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстық ветеринария басқармасына ұсыныс беру.

6. ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ЕАСУ)» веб-порталын жетілдіру бойынша облыстық ветеринария басқармасына қызметтік хат жолдау.

7. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органдарға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құру.

«КЕЛІСІЛДІ»


Жұмыс тобы мүшелері:

Кәсіпорын директорының орынбасары,
топ жетекшісі



Ж.Нұрхожаев

Материалдық техникалық жабдықтау маманы,
топ мүшесі



А.Ахметов

Эпизоотолог дәрігер,
топ мүшесі



А.Бейсенов

Кәсіпорын есепшісі,
топ мүшесі



М.Ыбраев

Кәсіпорын директорының кадр жөніндегі
маманы, топ мүшесі



М.Базарбаева

Қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін ұсынылды:

Кәсіпорын директоры



М.Қазыбаев